



БҰЙРЫҚ

2020 ж. 29 қаңтар
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *4/6*
город Нур-Султан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге (медициналық қызметтер кешені) тарифтерді қалыптастыру бойынша 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге (медициналық қызметтер кешені) тарифтерді қалыптастыру бойынша 2020 жылға арналған жұмыс жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) осы бұйрық қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Жоспарды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында және Қордың корпоративтік сайтында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жоспарда көрсетілген құрылымдық бөлімшелері осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі**



Е. Біртанов